



SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №4 (95162) 30 қаңтар 2026 ж.

Президент Бас прокуратураға жиын өткізгі



Мемлекет басшысы елімізде ауқымды өзгерістер жасалып жатқанын және алдымызда Конституциялық реформа жүргізу, мүлде жаңа саяси жүйеге қадам басу міндеті тұрғанын айтты. Сонымен қатар жаңа дәуірде барлық салаға цифрландыру мен жасанды интеллектіні жаппай енгізу жұмысымен белсенді түрде айналысу қажет екенін атап өтті.

Сонымен қатар құқық қорғау жүйесін цифрландыру үдерісі біркелкі емес, яғни әр жерде әрқалай жүргізіліп жатқанына назар аударды.

Президент азаматтардың дербес деректерін қорғау қажет екенін айтты.

– Ақпараттық кеңістікте азаматтардың дербес деректері жарияланып кеткені туралы хабар жиі шығып жатады. Дербес деректерді барынша қорғау үшін бұл жұмыспен жүйелі түрде айналысу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы киберқылмыспен күрес мәселесіне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев көші-қон үдерістерін жаппай цифрландыруды өте өзекті мәселе ретінде атады.

– Көші-қон үдерістерін жаппай цифрландыру керек. Бұл – өте өзекті мәселе. Баяғыдан бері талқылап жатырмыз, дұрыс, оң нәтиже аз. Қазір әлемде күрделі ахуал қалыптасып отыр. Дүние жүзінде кең ауқымды көші-қон жүріп жатыр десек, қате болмайды. Қоныс аударғысы келетін шетелдіктер үшін Қазақстан – басқа елдерге өтуге де, тұрақтап қалуға да қолайлы мемлекет. Елге келген шетел азаматтарын уақтылы есепке алып, олардың жүріс-тұрысын бақылайтын техникалық құралдарды жетілдіру – аса маңызды міндет. Үкіметке Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, осы жұмысты тездетуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әлеуметтік желіде ақпарат таратуда заң талаптары ескерілуі қажет екенін айтты.

Жиында Мемлекет басшысы тәртіпсіздік пен заңсыздыққа жол беруге болмайтынын жан-жақты атап өтті.

Сонымен қатар жиында Бас прокурор Берік Асыллов, Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Президенттің көмекшісі Қуанышбек Есекеев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов сөз сөйледі.

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы қаралды. Онда оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова және ішкі істер министрі Ержан Сәденов баяндама жасады.

Бүгінде елімізде шамамен 7 млн бала өсіп келеді. Яғни, халықтың үштен бір бөлігінен астамын балалар құрап отыр, нақты айтсақ – 34%.

«Еліміздің болашағы отаншыл, жасампаз ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан да Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда «Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды. Балаларға жан-жақты қамқорлық жасау – біздің басты басымдықтарымыздың бірі. Бұл орайда мемлекет өскелең ұрпақтың өмір сапасын жақсарту үшін кешенді шаралар қабылдап келеді. "Қазақстан балалары" тұжырымдамасында білім беру, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, әлеуметтік қамсыздандыру және отбасының әл-ауқаты саласында балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі нақты іс-шаралар жоспары қамтылған», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Соңғы жылдары балалардың құқықтарын қорғау бойынша бірқатар шара қабылданғаны атап өтілді.

Заңнамалық база айтарлықтай кеңейілді. Әсіресе, балаларға қатысты

«Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасы бекітілді



қылмыстық әрекеттер үшін жазаның бұлтартпас қағидаты қатаң сақталады.

Отбасы мәселелері, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау бойынша 111 бірыңғай байланыс орталығы іске қосылды. Оған жүгінген жағдайда міндетті түрде көмек көрсетіліп, тексеру шаралары жүргізіледі.

Барлық өңірде бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдер жұмыс істейді.

1 ақпаннан бастап барлық білім беру ұйымына «тосыннан тексеру» қағидаты бойынша ерекше бақылау мен қадағалау жүйесі енгізіледі. Бұл балаларды сауықтыру, олардың қауіпсіздігі мен тамақтану мәселелеріне қатысты. Осыған байланысты Премьер-министр Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Мәдениет, Еңбек және әлеуметтік қорғау, Туризм және Ішкі істер министрліктеріне әкімдіктермен бірлесіп, осы жылдың 30 қаңтарына дейін ерекше бақылау мен қадағалауға жататын нысан-



Мемлекет басшысы Конституциялық комиссияның төрағасын қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Конституциялық комиссияның бұған дейін өткен отырыстарының нәтижесі туралы мәлімет берілді. Эльвира Әзімова Комиссия қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында барлық отырыс медиа кеңістікте, соның ішінде арнайы телеграмм арналары арқылы тікелей көрсетіліп жатқанын баяндады.

Конституциялық комиссия төрағасы жарты жыл бойы Конституциялық реформаларды қоғамдық талқылау өткізілгенін айтты. Электронды платформаға азаматтардан, құқықтанушы ғалымдардан, сарапшылардан, заңгерлерден, саяси партиялардан, үкіметтік емес ұйымдардан, кәсіптік және бизнес қауымдастықтардан 2 мыңнан аса ұсыныс пен бастама келіп түскен.

Осыған дейінгі отырыстарда Комиссия мүшелері Конституция преамбуласының түбегейлі жаңа редакциясын, бірқатар баптарды және бөлімдерді әзірлеп, қарастырды.

Мемлекет басшысы алдағы Конституциялық реформа еліміздің дамуына тың серпін беретінін атап өтті. Ал Комиссия жұмысы Конституциялық реформаларды іске асыруда өте маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

Өңір әкімдіктеріне бұл бағытта жұмысты жандандыру тапсырылды.

Балалардың, соның ішінде олардың цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері әлі де өзекті. Көптеген ауыл балалары үйірмелер мен заманауи білім беру технологияларынан тыс қалатыны атап өтілді. Жасөспірімдерге тиісті көңіл бөлінбейді әрі олар өзін дамыту үшін тың мүмкіндіктерден айрылып отыр.

Бұл бағытта жүйелі түрде жұмыс жүргізіп, Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау, Еңбек және әлеуметтік қорғау, Ішкі істер министрліктері мен өңір әкімдіктері арасындағы ведомствоаралық үйлестіруді күшейту қажет.

Тұжырымдамада көзделген нысаналы индикаторлар балаларды дамытудың, қолдау мен қорғаудың орнықты жүйесін қалыптастыруы тиіс.

Премьер-министр Оқу-ағарту министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен, әкімдіктермен бірлесіп, Тұжырымдамадағы барлық іс-шаралардың сапалы әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз етуді, бала құқықтары жөніндегі уәкілмен тиімді өзара іс-қимылды жолға қоюды, сондай-ақ Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру бойынша ақпараттық науқанды ұйымдастыруды тапсырды.

Үкімет дауыс беру қорытындысы бойынша «Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасын бекітті.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға бекітілді.

Жетісуда туризмді дамыту

Балқаш көлінің жағалауында екі коммуналдық жағажай ашылады



Жетісу облысында туризм саласын дамыту бағытында жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Осы орайда туристік әлеуеті жоғары Балқаш көлінің жағалауын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл туралы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық режимдегі отырысында жасаған баяндамасында айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысының айтуынша, Жетісу облысының туристік дамуында 5 дестинацияға басымдық беріледі, соның бірі Балқаш көлі. Атап өтсек, 2025 жылғы жазғы маусымға дейін көл жағалауына апаратын автомобиль жолдары қатынасы толықтай қамтамасыз етілді.

- Лепсі станциясында жаңа теміржол вокзалының құрылысы биыл аяқталады. Өткен жылы Лепсі ауылынан Балқаш көліне дейін электр, ауыз су желілері тартылды. Көл жағалауында инженерлік-коммуникациялық желілерін салу аяқталу сатысында, дайындық деңгейі 90%. Биыл жобаны толық аяқтау үшін жергілікті бюджеттен қажетті қаржы бөлінді. Сонымен қатар осы жылы жазғы маусымға дейін жағалауда 2 коммуналдық жағажай салынады, - деді Б. Исабаев.

Балқаш көлі жағалауының аумақтарын тұрақты күтіп ұстауды қамтамасыз ету үшін «Балқаш Тазалық» коммуналдық кәсіпорны құрылды. Оған жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, 21 арнайы техника сатып алынды. Еске салсақ, суда жүзу құралдарының қозғалысын бақылау мен демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыста Жалпы су пайдаланудың қағидалары бекітілген болатын.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Алакөл жағалауының санитарлық жағдайы мен туристік инфрақұрылымы жақсартылады

Мемлекет басшысының Жетісу облысындағы Алакөл жағалауының туристік инфрақұрылымын және қызмет көрсету сапасын жақсарту туралы тапсырмасына сәйкес бірқатар жүйелі шаралар қабылданды. Атап айтқанда, жағалаудың санитарлық жағдайына ерекше назар аударылып отыр. Көл маңында қоқыс шығару мәселесін шешу үшін ауданы 10 га жерге қатты-тұрмыстық қалдықтар полигонының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді. Бұл ретте биыл жазғы маусымда Алакөл көлінің жағалауында қосымша 100 қоқыс контейнері, 40 киім ауыстыратын орын, 40 биодеретхана, 40 құтқару мұнарасы, 13 км буй желілері және 8 пирс орнатылады. Бұл туралы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен селектор режимінде өткен Үкімет отырысында айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысының айтуынша, көл жағалауының аумағын тұрақты күтіп ұстау, санитарлық тазалығын қамтамасыз ету мақсатында «Алакөл Тазалық» коммуналдық кәсіпорны құрылды. Оның материалдық-техникалық базасын жасақтау мақсатында 20 арнайы техника сатып алынды.

Туристік инфрақұрылымды жақсарту мәселесіне келсек, бұған дейін Талдықорған қаласынан Алакөл жағалауына дейінгі, сондай-ақ «Үшарал – Достық» бағытындағы автомобиль жолдары қайта жаңғыртылған болатын. Үшарал қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағына реконструкция жүргізіліп, ірі әуе кемелерін қабылдауға мүмкіндік жасалды. Бұл ретте өткен жылдың жазғы маусымы барысында Астана және Алматы қалаларынан авиарейстер субсидияланды. Келесі қадам - әуежайды қайта жаңартудың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді. Сол сияқты Алакөл бағыты бойынша Астана, Алматы, Өскемен, Семей, Павлодар, Қызылорда қалаларынан 12 пойыз қатынайды. 2023 жылдан бастап «Астана – Достық» бағыты бойынша «Тальго» пойызы іске қосылды.

Атап өтсек, статистикалық деректерге қарағанда Алакөл көлінің жағасында 277 туристік нысан жұмыс істейді. 2025 жылы 17 жаңа туристік нысан іске қосылған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жыл қорытындысы

Тұрғын үй көлемі 400 мың шаршы метрден асып, 11%-ға өсті



2025 жылдың қорытындысы бойынша Жетісу облысында негізгі салалардың барлығында, оның ішінде құрылыста және халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында тұрақты өсімге қол жеткізілді. Атап айтқанда, 412,8 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 11%-ға артқан, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Осы орайда Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылында «Самұрық-Қазына» инвестициялық холдингінің қаражаты есебінен салынған 5 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Жаңа пәтер кілттері әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға табысталды. Олардың қатарында көп балалы және толық емес отбасылар, мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ мүгедектері бар азаматтар бар.

Атап өтсек, өткен жылдың қорытындысы бойынша Жетісу облысында кезекте тұрған 2166 азаматқа берілетін тұрғын үй дайындалды, соның 1002-сі жаңа қонысқа кірді, бұл ретте тұрғын үй бөлу функциясы өткен жылдың мамыр айынан "Отбасы банкке" берілген болатын.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 59 нысан салынды



Жетісу облысында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының аясында жалпы саны 59 нысан салынды. Атап айтқанда, 2023-2025 жылдар аралығында 15 дәрігерлік амбулатория, 39 фельдшерлік-акушерлік және 5 медициналық пункттің құрылысы аяқталды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, медициналық көмектің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету және шалғайдағы ауылдарды медициналық қызметпен қамту мақсатында қолға алынған Ұлттық жоба аясында Кербұлақ ауданында - 17, Панфилов - 11, Алакөл - 9, Қаратал - 6, Ескелді - 5, Ақсу мен Көксу аудандарында - 4-тен, Сарқан ауданында 3 денсаулық сақтау нысаны бой көтерді.

Атап өтсек, Ұлттық жобаға Панфилов аудандық көпсалалы аурухана да енгізілген. Қазір аталған нысанның қолданыстағы ғимаратын қайта жаңарту мен жаңа корпусын салу бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу туризмі

Инфрақұрылым дамуға, туристер легі көбейді, қызмет көрсету көлемі артты

Соңғы жылдарда Жетісу облысында туризмді дамытуға бөлінген қаржы өңірдің даму бюджетінің шамамен 30%-ын құрады. Соның нәтижесінде аймақтағы туристік саласы тұрақты өсім көрсетуде. Мәселен, 2025 жылғы мониторинг бойынша өңірге келген туристер саны 11%-ға, оның ішінде шетелдік туристер саны 60%-ға, ал көрсетілген қызметтер көлемі 17%-ға өсіп, нөмірлік қор 23 мың төсек орынға жетті. Осы жөнінде және туризмді дамытуға бағытталған басқа да шаралар туралы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен селектор режимінде өткен Үкімет отырысында айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысының айтуынша, Жетісу облысының туристік дамуы 5 басым бағыттағы дестинацияларға негізделген. Олар – Алакөл мен Балқаш көлдері, «Алтынемел» және «Жоңғар Алатауы» ұлттық парктері, сондай-ақ Жоңғар Алатауы тау жотасы.

Облыс әкімі Алакөл және Балқаш көлдерінің жағалауында инфрақұрылымды дамыту шараларына да назар аударды. Сол сияқты экологиялық туризмді дамыту мәселесіне де тоқталды. Сөзінің қорытындысында Бейбіт Исабаев облыста туризмді дамыту және туристерге жағдай жасау жұмыстары тұрақты бақылауда екенін жеткізді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ – ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Қазіргі қоғамның болашағы – бүгінгі баланың тәрбиесіне тікелей байланысты. Балабақша – баланың тұлға болып қалыптасуындағы алғашқы әрі ең маңызды әлеуметтік орта. Дәл осы кезеңде баланың мінез-құлқы, дүниетанымы, қарым-қатынас мәдениеті мен адамгершілік құндылықтары қалыптасады.

Мектепке дейінгі тәрбие – баланың ақыл-ой, рухани, әлеуметтік және эмоционалдық дамуының бастауы. Тәрбиеші тек білім беруші ғана емес, баланың өмірлік бағыт-бағдарын айқындайтын тұлға. Оның әрбір сөзі, іс-әрекеті, үлгісі бала санасында із қалдырады. Сондықтан балабақшадағы тәрбие үдерісі жауапкершілік пен кәсібилікті талап етеді.

Баланың тұлға ретінде қалыптасуында ойынның рөлі ерекше. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны таниды, өз сезімін білдіреді, өзгелермен тіл табысуды үйренеді. Ұжымдық ойындар балаларды бірлікке, сыйластыққа, өзара көмектесуге тәрбиелейді. Сонымен қатар шығармашылық әрекеттер – сурет салу, ән айту, қолөнермен айналысу баланың қиялын дамытып, қабілетін ашуға мүмкіндік береді.

Тәрбие жұмысының маңызды бағыты – ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру. Халық дәстүрлері, салт-санасы, ана тілі арқылы баланың бойына отансүйгіштік, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты асыл қасиеттер сіңіріледі. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие ерекше рөл атқарады. Халықтың салт-дәстүрін, ана тілін, ұлттық мәдениетті баланың бойына сіңіру арқылы елін сүйетін, рухы мықты, саналы ұрпақ тәрбиелеуге болады. Бұл – болашақ қоғамның тұрақты дамуының кепілі.

Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастық та тәрбиенің табысты болуының негізгі шарттарының бірі. Үй мен балабақшадағы тәрбие бір бағытта жүргізілгенде ғана бала бойында тұрақты да дұрыс мінез-құлық қалыптасады. Ата-аналармен жүйелі байланыс орнатып, бірлесе жұмыс істеу аса маңызды.

Қорытындылай келе, балабақшадағы тәрбие – тұлға қалыптастырудың алтын іргетасы. Осы кезеңде берілген дұрыс тәрбие баланың бүкіл өміріне бағыт-бағдар береді. Сондықтан әрбір тәрбиеші өз ісіне жауапкершілікпен қарап, бала жүрегіне мейірім мен білімнің нұрын себуі тиіс.

Қ.МУРАТКАНОВА,
«Бөбек» балабақшасының тәрбиешісі, ерте жас тобы.

Меритократия - мемлекеттік қызметке қабылдау мен ілгерілеудің нақты қағидаты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында еліміздегі мемлекеттік аппараттың жоғары кәсіби жұмысының маңыздылығын бірнеше мәрте атап өтіп, мемлекеттік қызметке кіру және одан шығу рәсімдерін жеңілдету, бюрократияға жол бермеу, меритократия қағидатын ілгерілетуге қатысты жаңа міндеттер қойды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі №602 Жарлығына сәйкес, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» мемлекеттік қызметті дамыту қағидатының бірі – меритократия, яғни мемлекеттік қызметке іріктеу және қызметі бойынша ілгерілету сіңірген еңбегіне, құзыретіне және кәсіби дағдыларына негізделеді деп көрсетілген.

Бүгінгі күні еліміздің мемлекеттік басқару жүйесі меритократия қағидатына негізделген мемлекеттік қызметтің өзіндік үлгісі қалыптастыра алды.

Үміткерлер мемлекеттік қызметтегі өзінің кәсіби қызметін төменгі лауазымнан бастайды, ал олардың одан әрі ілгерілеуі тиісті саладағы еңбегі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, конкурстық және құзыреттері негізінде жүзеге асырылады. Лайықты кадрларды іріктеу және мемлекеттік қызметшілердің жеке жетістіктері негізінде оларды әрі қарай кәсіби және мансаптық ілгерілету ішкі конкурстар және ауысу тәртібімен жүзеге асырылады. Негізгі талап: мемлекеттік қызметшінің құзыреттілігі мен кәсіби дайындығының болуы.

Меритократия қағидатының іс жүзінде

іске асырылуы мемлекеттік аппаратқа деген сенімділікті нығайтып, тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен мемлекеттік қызметшілердің жай-күйі туралы есептілігінің нәтижесіне сәйкес, меритократия қағидаты бойынша оларды тағайындаудың объективтілігіне тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Бұл қағидат мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау, оны қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету қағидатына негізделіп, ашықтық, жариялылық және әділдік принциптерімен ұштастырылған.

Бәсекеге қабілетті ел — барлық салада бәсекеге қабілетті мамандардан құрылады. Меритократия тең мүмкіндіктің және әділдіктің арқасында мемлекеттік қызметте қызмет баспалдағы бойынша қабілетті, білікті маманның жоғарылауына ықпал жасайды. Осы орайда, меритократия қағидатын уақыт талабына сай нығайту арқылы қабілетті қызметкерлерді шыңдауға, олардың кәсіби деңгейін арттыруға болады.

Меритократия қағидатын қолдану мемлекеттің өркендеуіне бағытталған жол, ал меритократия принциптерін нығайту мемлекеттік қызметшінің сіңірген еңбегін әділ бағалаудың мүмкіндігі болып табылады.

Б.ШАРИПОВА,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ мемлекетке деген сенімді әлсіретеді

Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке пайда үшін қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану ғана емес, ол қоғамның әділдікке деген сенімін жоятын, заң үстемдігін әлсірететін әлеуметтік індет. Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті әлеуметтік дерттердің бірі. Ол қоғамның әділдікке, заңға және мемлекеттік институттарға деген сенімін әлсіретіп, елдің тұрақты дамуына үлкен қауіп төндіреді. Мемлекетке деген сенім – халық пен билік арасындағы негізгі байланыс, ал сыбайлас жемқорлық осы байланысты біртіндеп бұзады.

Мемлекеттік қызметкердің немесе мекеме басшысының жемқорлыққа жол беруі тек бір адамның емес, тұтас мемлекеттік жүйенің беделіне нұқсан келтіреді.

Біріншіден, сыбайлас жемқорлық азаматтардың мемлекетке деген сенімін әлсіретеді. Халық заңның бәріне бірдей жұмыс істемейтініне, мәселелер пара арқылы шешілетініне көз

жеткізсе, мемлекеттік институттарға құрметі төмендейді. Сенім жоғалған жерде қоғам мен билік арасындағы байланыс үзіледі.

Екіншіден, жемқорлық әлеуметтік әділетсіздікті күшейтеді. Пара берген адам ғана қызметке қол жеткізе, адал әрі білікті азаматтардың құқығы тапталады. Бұл жастардың мемлекеттік қызметке деген ынтасын төмендетіп, «әділ еңбектен гөрі таныс-тамыр маңызды» деген теріс көзқарасты қалыптастырады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік қызметтің беделін түсіреді. Мемлекеттік қызметкерлер халықтың мүддесіне қызмет етуі тиіс.

Үшіншіден, сыбайлас жемқорлық экономикалық дамуға кері әсер етеді. Мемлекеттік қаражаттың тиімсіз жұмсалыуы, жобалардың сапасыз орындалуы, инвестициялық тартымдылықтың төмендеуі – мұның барлығы елдің дамуын тежейді. Нәтижесінде халық мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігіне күмәнмен қарай бастайды.

Мекеме басшысы ретінде мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек бақылаушы органдардың ғана емес, әрбір қызметкердің тікелей міндеті деп есептеймін. Ашықтық, заңдылық, әділдік және жеке жауапкершілік – мемлекеттік қызметтің басты қағидаттары болуы тиіс.

Халықтың мемлекетке деген сенімі – ең құнды капитал. Оны сақтау үшін әрбір басшы өз ісімен үлгі көрсетуі керек. Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам – әділ мемлекет пен жарқын болашақтың кепілі. Сыбайлас жемқорлық мемлекетке деген сенімді әлсіретеді, өйткені ол әділдікке, заң үстемдігіне және ашықтыққа қайшы келеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Т. КАСЫМХАНОВА,

“Жоңғар-Алатауы МҰТП” РММ бас директордың ғылым жөніндегі орынбасары.

«Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында дөңгелек үстел өтті

Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі РММ Алакөл филиалында «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметтегі адалдық пен ашықтық қағидаттарын нығайту, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру.

Дөңгелек үстел жұмысына филиал басшылығы мен қызметкерлері қатысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері талқыланды. Кездесу барысында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптары түсіндіріліп, мемлекеттік қызметшілердің міндеттері мен жауапкершілігіне ерекше назар аударылды.

Іс-шара барысында қатысушылар қызметтік міндеттерді орындау кезінде заңдылықты сақтау, мүдделер қақтығысына жол бермеу, азаматтармен және туристермен қарым-қатынаста әдеп нормаларын ұстану мәселелері бойынша пікір алмасты. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жолдары, адал еңбек пен парасаттылық мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Дөңгелек үстел ашық пікір алмасу форматында өтіп, қатысушылар өз ой-пікірлерін ортаға салды. Мұндай кездесулер қызметкерлердің жауапкершілігін арттырып қана қоймай, ұжымда жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік көзқарасты қалыптастыруға ықпал ететіні айтылды.

Іс-шара қорытындысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – әрбір қызметкердің ортақ міндеті екені атап өтіліп, алдағы уақытта бұл бағыттағы түсіндіру және алдын алу жұмыстары жалғасын табатыны жеткізілді.

А.НУРТАЗИН,

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Алакөл филиалының директоры.

САРҚАН АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді бекіту туралы

«Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген) сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарқан ауданы әкімінің орынбасары А. Байғунусовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ф. Маманбаев

Аудан әкімдігінің 2026 жылғы «___» _____ № ___ қаулысына қосымша

2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтер

Мекеме түрлері	Қызмет алушылардың түрлері	Күніне 1 қызмет алушыға арналған тариф (тенге)
Үй жағдайларда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1) психоневрологиялық ауытқулары бар бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар; 2) тірек-қимыл аппараты бұзылған бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар; 3) психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдар. 4) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар; 5) егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдар.	5449 тенге

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі басшылығының 2026 жылғы I тоқсанда азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орган атауы	Қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Орғанның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Елдар Жеңісбекұлы Туреунов	Бөлім бастығы	дүйсенбі сағ. 15.00-17.00 жұма сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Ринат Рафаильевич Ахмаров	Бөлімнің бас маманы	сәрсенбі сағ. 15.00-18.00 бейсенбі сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы №12-Өрт сөндіру бөлімі	Қуаныш Қуатпекұлы Қуатпеков	№12 - Өрт сөндіру бөлімінің бастығы	сейсенбі сағ. 15.00-18.00 бейсенбі сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-15-65

Сенім телефоны: 8 /72839/ 2-24-43.

Е. ТУРСУНОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ САРКАНСКОГО РАЙОННОГО АКИМАТА

ПРОЕКТ

Об утверждении тарифов на оказание специальных социальных услуг на 2026 год

В соответствии с приказом Заместителя Премьер-Министра-Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 30 июня 2023 года № 281 «Об утверждении правил и методики формирования тарифов на специальные социальные услуги» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 32987), акимат Сарканского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить тарифы на оказание специальных социальных услуг на 2026 год согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Сарканского района Байғунусова А.

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Аким района

Маманбаев Г.

Приложение к постановлению акимата района от «___» _____ 2026 г. № _____

Тарифы на оказание специальных социальных услуг на 2026 год

Типы учреждений	Виды получателей услуг	Тариф на 1 услугополучателя в день (в тенге)
Оказание специальных социальных услуг условиях на дому	1) дети с инвалидностью с психоневрологическими патологиями от полутора до восемнадцати лет; 2) дети с инвалидностью с нарушениями опорно-двигательного аппарата от полутора до восемнадцати лет; 3) лица с инвалидностью старше восемнадцати лет с психоневрологическими заболеваниями 4) лица с инвалидностью первой и второй групп; 5) лица не способных к самостоятельному обслуживанию в связи с преклонным возрастом.	5449 тенге

Желтоқсан қозғалысына - 40 жыл

ЕРЕУІЛ АТЫН ЕРТЕРЕК ЕРТТЕГЕНДЕР...

Осыдан қырық жыл бұрынғы желтоқсанның 16 - 18 - і аралығындағы Қазақстан жастарының билік жүйесіне қарсылығы әлем жұртшылығының назарын аударды. Бұған дейін жасырын түрдегі астыртын ұйымдарда ғана қозғалып жүретін мәселелер ашық түрде алаңда айтылды. Шеруді тоқтатуға билік тарапынан әрекеттер жасалса да жылдар бойы жинақталған ашу - ызаны ауыздықтау оңайға соқпады. Бейбіт шеруге шыққан жастармен түсіндірме жұмыстарын жүргізудің орнына сол кездегі кеңестік одақтың, Қазақ республикасының билігі қарудың күшіне жүгінді. Сол кезеңдегі қайта құрудың жылымығына сенген жастар содыр биліктің қандықасабына шарпылды, қаза тапты, қамалды, намысы жаншылды. Демократиялық шеруге қатысқан жастардың барлығы дерлік оқудан, жұмыстан, комсомолдан шығарылды. Қозғалыстың тұтану төркіні - әріден келе жатқан, шешімі күрделі әлеуметтік әділетсіздіктерде, ұлттың ұлт болып қалуына кедергі болған жағдайларда өкендігінің ескерілмеуі мемлекеттің негізін қалаушы қазақ халқы құқығының тапталып отырғанының айғағы еді.

Ол кезде Бөрлітөбе аудандық "Балқаш өңірі" газеті редакторының орынбасарымын. Пленум шешімімен Қонаевтың орнынан алынып, Қазақ республикасының бірінші басшылығына сырт жақтан Колбиннің келгенінен хабардар болғанымызбен, алаңдағы шеруді уақытында ести алмадық. Радио, теледидар үнсіз, Алматыдағы оқудағы бауырларымыздан хабар жоқ. Бір - ер күннен соң оқиғаның өңі айналып бізге жетті. "Алаңға кілең нашақорлар шығыпты, бәрін өртепті, бәрін қиратыпты, қазақтан басқа ұлттарға қарсы бұзақылық өршіпті" деседі желдей ескен жалған ақпарат. Алматыдағы қозғалысты қолдап, Алматыға аттанғандардың жолын кесті, қалаға кіруге тосқауыл қойылды. Облыс орталықтарындағы шеруге шыққан

студенттердің, жұмысшы жастардың екілері тез басылды. Әлекедей жалаңып тұрған күштік құрылымдар олардың адымын аштырмады. Ресми хабарлар арқылы мемлекеттік билікке қарсы шықты, қоғам тыныштығын бұзды, кісі өлтірді деген желеумен темір торға қамалғандар туралы естіп жаттық.

Келер жылдың ақпанында Алматыға жолым түсті. Алматы облыстық "Жетісу" газетінің жаңа нөмірінде Қайрат Рысқұлбеков бастаған төрт жігіттің соты туралы шағын хабар жарияланды. Суреті берілген. Барлығы да қасқайып тұр. Еңселері түспеген. Ішіндегі Қайыргелді Күзембаевты жақсы танытымын. Біздің редакцияда қызмет атқарған Розамен үйленіп, қуаныштарын Лепсіде атап өткен болатын. Газетті ішкі қалтама



салып, ауданға оралысымен редакторымыз Болатхан ағамызға көрсеттім. "Бұл менде болсын, осы сурет шыққан газетті билік жинап алыпты. Хабарды жариялағандарды жауапқа тартатын көрінеді", - деді ол.

Бөкең ағаның айтқаны айнымай келді. Екі газеттің басшылығы, сот залынан сурет түсірген фототілші жазаланып, қаншама уақыт сергелдеңге түскенін білеміз. Сондағы айып - қатаң жазаға кесілгендердің рухының сынбағаны, өз істерінің әділдігіне сенгені.

Осынау бір өзгелер үшін елеусіздеу көрінетін оқиғаның әсерінен төмендегі өлең дүниеге келіп еді:

Ереуіл атын ертерек ерттеп,
Найза етіп ұстап намысын.
Ел - жұрты үшін мезгілсіз мерт боп,
Арманда кеткен арысым!

Ірітіп іштен құлғана мерез,
Балақтан итің қапқанда.
Өңеші ұзын өресіз өңез,
Өсекке таңып жатқанда.

Оятып едің қауымды қалың,
Дем беріп бауырласыңа.

Желтоқсан желі - дауылды әнің,
Қосылды ел қайырмасына.

Алсақ қой шіркін шындықты аршып,
Ар - намыс соты бар алда.
Биліктен үркіп бұққан соң АЛПЫС,
ОН АЛТЫ шықты алаңға.

Қанша жыл бойы ішіме бүккен,
Лаулатып жігер отымды,
ЕЛУЛЕР үшін еңсесі түскен,
ЖИЫРМА БЕС сапқа қосылды.

Жалғандықтарға қамала алмаған,
Қаһарман ұл мен қыздарым.
ҚЫРЫҚТАР үшін қамал алмаған,
ОТЫЗЫМ орда бұзғаны.

Тәуекел талап талпынып тұрып,
Шарпылып кетті құйынға.
Жаңа көктеген талшыбық сынып,
Қызғалдақ гүлім қиылған.

Үзілмей енді үзеңгі - үміт,
Шылбыр - билікті нық ұстап.
Ақ танды қарсы ап қуана күліп,
Ақ дәнді тұрсақ уыстап.

Жомарт ИГИМАН.

Шаңырағы шаттықпен шырайланып

(Асхат інім 60-та)

Өтті ойлаумен бауырды
көп күніміз,
Солар барда биік қой шоқтығымыз.
Шаңырағы шаттықпен
шырайланып,
Алпыс жасқа жігерлі жетті ініміз.

Туғаным, бізден бөлек өскенімен.
Кейіннен араластық хош көңілмен.
Жайнатып отыр қарашаңырақты,
Қуантып бүгінімен, өткенімен.

Жаратылған жаны өзге расында,
Құдай қосқан келінім жүр қасында.
Жарқылдайды жарасып
отбасында,
Жанығандай асылды бір асылға.

Шаңырағы шалқыған ақ шұғыла,
Алла күй пейілінің ақтығына.
Ортаншы ұлдың қазасы жанға
батты,
Қалғандары бастайды бақ
шыңына.

Ағайынға жарқылдап күліп тұрар,
Ниетімен көңілін шын ұқтырар.
Жекжат - жұрат, иншалла,
қара ормандай,
Қайғы - мұңдытабанда ұмыттырар.

Асхат бауырым, өмірдің несібі
мол,
Еліңнің есте қалар есімі бол.
Қажет бол айналаңа, ұрпағыңның,
Ашатын болашаққа есігі бол!!!

Ғиззат ЕСИМОВ.

ҚАПЕРДЕ ЖҮРЕР ҚАҒИДАЛАР

•«Алланың құлағына шалынсын!» деп айтуға болмайды. «Періштенің құлағына шалынсын!» деп айту керек.

•Жұрт «шүкір» мен «тәубаны» жиі шатастырады. «Шүкіршілік» Алла тағаланың берген материалдық, рухани, нығметтік игіліктеріне (бала-шағасына, азды-көпті дәулетіне, аманшылығына, т.б.) қанағат етушілік. Ал «тәубе», «тәубе жасау» кейде біліп-білместен оқыстан жасалған күнәсін артынан түсініп (өтірік айту, ішіп қою, ұрлық жүріс, асылық т.б.) тәубесіне келу. Бұл өз күнәсін түсініп Алла тағаладан мұндай күнәні қайталамайтындығын айтып кешірім сұрау, тәубе дұғасын оқу. Яғни бұл екі сөздің өзінің қолдану орны екі бөлек. «Шүкір» дегеніміз барға қанағат ету, «тәубе» күнәсіне жарылқау тілеу.

•Пайғамбар жасы туралы түсінбестік көп. Біреулер 61 десе біреулер 63 деп таласады. Дұрысы қайсы? Пайғамбарымыз (с.ғ.с) біздің қазіргі қолданыстағы григорян күнтізбесі бойынша 571 жылы туып, 632 жылы 61 жасында қайтыс болған. Сонда Пайғамбар жасы 61 екен. Ал 63 жас григорян күнтізбесі мен мұсылманша Хижра жыл санауының айырмашылығынан туған. Григорян күнтізбесінде бір жылда 365 күн болса, Хижрада 355 күн бар. Бір жылда он күн, үш жылда бір ай, отыз жылдан асқанда бір жыл, 60 жылдан асқанда екі жыл айырмашылық шығады. Сонда григорян бойынша 61-іңіз хижрамен 63. Әлгі 63-ке толдым, Пайғамбар жасына жеттім деп жүргендер іс жүзінде хижрамен 65-ке толғаны.

•Енді мүшел жас туралы. Адам 24-ке, 36-ға, 48-ге, 60-қа, 72-ге толып, бір күн асқанда мүшелге кірген болып табылады. 25-ке, 37-ге, 49-ға, 61-ге, 73-ке толған күні мүшелден шығады. Биыл 1966 жылы туғандар бесінші мүшеліне кіріп жатыр.

•Біреу түшкірсе «Сау бол!» деу – орысша «Будь здоров» дегеннің калька аудармасы. Дұрысы түшкірген адамның өзі алдымен «Әлхамдулилләһ!» деу керек, мұнысы Аллаға шүкіршілік айтқаны. Оны естіген адам «Ярқаму каллах» (Алла саған рақым етсін!) дейді. Қазақша «Жәрәкімалла!» дегеніміз сол.

•Ер адам алтын сақина, алтын шынжыр, алтын жүзік (печатка), алтын сағат, алтын әшекей тақпайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) алтын мен жібекті ер адамға харам еткен. Некелік рәсімде ер адам алтын орнына күміс сақина тағуына болады.

•Неке әйел мен еркектің одағы әрі Алла тағала тарапынан еркекке берілген аманат. Еркек пен әйелдің бір бірінің алдында хақылары яғни міндеттері болады.

Еркектің әйелінің алдында оны бірінші – баспаналы ету, екінші – ішіндіру, үшінші – киіндіру, төртінші – оған имандылық қағидаларын үйрету сияқты төрт міндеті болады. Еркекке үш тыйым бар: бірінші әйелін себепсіз ұруға, екінші балағаттауға, үшінші бір жаққа шыққанда жөнін айтпай кетуге болмайды.

•Әйелдің күйеуінің алдында төрт міндеті болады. Бірінші күйеуінің абыройын қорғау, екінші күйеуінің ата-анасы мен туыстарын сыйлау, үшінші күйеуінің тапқанын ұқсату, төртінші балаларына күйеуінен үйренген, өз бетімен үйренген имандылық тәрбиесін беру. Әйелге де үш тыйым бар: бірінші, күйеуінің рұқсатынсыз үйге бөтен еркек қондырмайды, екінші, күйеуінің рұқсатынсыз жол жүрмейді, үшінші, күйеуінің рұқсатынсыз үйдегі затты, бұйымды, құралды біреуге бермейді.

•Әкесін құрметтейтін бала тәрбиелеген әйелді жақсы әйел дейді. Балаларын әкесіне қарсы тәрбиелеген

әйелді жаман әйел дейді.

•Шалбарды отырып киеді, суды түреге тұрмай, отырып үшке бөліп ішеді.

•Мұсылман адам өз үйінде де жалаңаш жүрмейді.

•Садақа бергенде мұсылманға оң қолмен, ал басқаларға сол қолмен береді. Берген садақаны ешкімге сөз етпейді. Жария етілсе сауабы жойылып кетеді.

•Өз жақындары қиын жағдайда тұрғанда бөтен адамға берген садақа қабыл болмайды. Садақаның мөлшері 7 немесе 70 теңге емес. Бір теңге берсең аз болмайды, миллион теңге берсең көп болмайды.

•Еркекте әкесінің елі – өз жұрты, шешесінің шыққан елі – нағашы жұрты, келіншегінің елі – қайын жұрт болады. Ал әйелде қайны, қайын сіңлі, қайын аға, қайын ене, қайын ата болады. Бірақ қайын жұрты болмайды. Әкесінің елі – төркін жұрты, анасының елі – нағашы жұрты, күйеуінің елі өз жұрты болады. Әйел адамнан елін сұрағанда бірінші күйеуінің елін айту міндетті.

•Әйел адам тұрмысқа шыққанда өз фамилиясында қалу керек. Күйеуінің фамилиясына көшу дұрыс емес. О дүниеде Алланың алдына барғанда әйел баласы әкесінің атымен атап шақырылады.

•Қаралы жиында әйел сөз бастамайды, әйелдер жерлеу рәсіміне қатыспайды, бейіт басына бармайды.

•Баланың туған күнінде әкелген торттағы майшамдарды үрлеп өшіртуге болмайды. Отының өшуі қазақ үшін өте жаман ырым. Ол адамның тұқымының құруын білдіреді.

•Қазақ әйелінің балаларын орысша сөйлетіп, орысша тәрбиелеуі – өз ұлтына опасыздығы.

Marat BAIDILDAULY.

Екі сиыр

Қазір екінің бірі сылтың қылып, әжуәлап жүрген патшаның «екі сиыр» туралы әңгімесі кезінде шынымен де іске асып нарық заманында абдырап қалған ауыл қазағының біразына көмегі тиген еді.

«Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» деген мекеме арқылы екі сиыр сатып алу үшін екі жыл мерзімге 400 доллар пайызсыз несие берілген еді. Келісім-шарт бойынша несие алған адам екі сиыр сатып алып, одан туған төлін екі жыл асырап, семірген соң сойып сатып, түскен ақшамен несиеді жабуы керек. Бар болғаны осы. Тек кепілге тұрғын үйінді қойсаң болғаны.

Гәп осы жерде басталады. Колхоз, совхоздар тарап, әркім ұжымнан алған үйлері өздеріне берілді деген бір жапырақ қағазды қолдарына алып, пысықтары БТИ арқылы құжаттарын рәсімдеп, ал жағдайы жоқтары сол бір жапырақ қағазды малданып жүрген кез. Ал мемлекет тарапынан берілетін 400 доллар несие негізінде осындай жағдайы жоқ, ауылда тұрса да мал ұстауға мүмкіншілігі жоқ отбасыларға арналған еді. Ауыл әкімшілігінің комиссия құрамы барып тексеріп, шын мұқтаж деген адамдарды таңдап ұсыныс беретін. Осы бағдарлама аясында талай отбасы малды болып жағдайларын сәл де болса түзегендей болып еді.

Осы несиеге құжат жинап, оны Алматыдағы Қордың облыстық филиалына апарып тапсыру жұмыстарын аудан әкімі аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің мал шаруашылығы жөніндегі маманы маған қосымша тапсырма есебінде жүктеген еді.

Бір күні Қосағаш ауылынан екі жігіт келді. Аман-саулық сұрасқаннан кейін шаруаға көшіп несие алуға келгендерін айтты. Әкелген құжаттарын қарап шыққан соң несиеге талапкер жігіттің қолында жұмысшардың берген бір жапырақ қағазы, қасындағы жігіттің үйінің БТИ арқылы жасалған техпаспорты бар екендігі анықталды. Бұл азамат өзінің үйін досына несие алу үшін кепілге беретінін айтып көмектесуімді сұрады. Келісім-шарт баптары бойынша несие қайтарылмаған жағдайда Қор кепілге қойылған үйді сот шешімінсіз өзіне аударып алуға құқылы деген сөзді оларға көрсетіп, әртүрлі жағдай салдарынан (ұрлық, жұқпалы аурулар) несие қайтарылмай қалса досың үйінен айырылып обал болмай ма дедім. Ондай жағдай болса мен өз үйімді досыма беремін деп талапкер жігіт уәде етті. Мен «Жігіттер, тағы бір ойланыңдаршы, баспана деген оңай емес қой» дедім.

Осыдан кейінгі болған әңгімені арада отыз жыл өтсе де мен жан дүнием бір аунап түспей еске ала алмаймын.

-Беке, -деді несиеге үміткер бауырым, ақыры бастаған екенбіз, мен саған шынымыды айтайын деді ол. Мен бұл ақшаға сиыр алмаймын, сиыр өзімде бар, мен бұған жылқы сатып алып шешеме ас беремін, әкем ерте қайтыс болып шешем тісімен сүйрегендей мені осы көлге жеткізген еді. Жылқы сойып ас бермесем ертең елдің бетіне қайтіп қараймын. Өзің шеш, бересің бе несие, бермейсің бе, менің бар шыным осы, - деді.

Мен есеңгіреп отырып қалдым. Алдында тұрған жігіт анасының аруағын риза ету үшін басындағы жалғыз баспанасынан айырылуға бел байлап тұр. Көзі тірі әке-шешесіне дұрыс құрмет көрсете алмай жүрген адамдарды екі күннің бірінде кездестіріп, олардың әрекеттерін заманның қиыншылығына салып, аса кінә артпай жүрген кезде, ауылдағы мына қарапайым азаматтың тәуекеліне басымды имеске шарам қалмады.

Мен бұл оқиғаны еске алып отырған себебім індет кезінде қайтыс болған ағамыздың жалғыз ұлы Форбс тізіміндегі миллионер бола тұра карантинді сылтауратып әкесіне ас бермеді. Жуырда тағы бір інім «Әкем қайтыс болғанда студент болып, ас бермек тұрғай шиемтей баламен жесір қалған анама салмақ салмайын деп тіршілік қылған едім, биыл қайтқанына қырық жыл болыпты, көзін көрген адамдардың басын қосып құран

Ауыл әңгімелері

оқытып ас бермекшімін, ішінде болыңыз» деп хабарласты.

Осы жігіттердің бәрі қазақ, бірақ ата-анаға деген көзқарастары мен құрметтері әрқыйлы.

«Осы біз қазақшылығымызды жоғалтып алмадық па?» деп ойланып қаламын кейде.

Бәрі әлгі екі сиырдан басталып кетті-ау өзі.

Жеті шөлпек немесе Сары ана

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында ауылымызға арғы беттен ағайындар қоныс аударып келе бастады.

Алғашқы лекпен Үлгіліге де аталастарымыздан оншақты жанұя келді. Шекара асып, бар жиған-тергені сол жақта қалып, Үкіметтің берген бір қабат киімдерімен келген адамдардың бірден қатарға ілігіп кете қоюы оңай болған жоқ. Негізінен әрқайсысы бір-бір отар қойдан алып малға шыққандары аз болса да кесікті жалақы мен қой сауып ағарған ішіп тарыға қоймады. Ал ауылда қалғандарына лайықты жұмыс табылмай, біраз қиыншылық көргені де рас.

Сондай отбасының бірі аталас ағайынымыз Нарбота ақсақал бізбен қоңсылас болды. Екі әйелі, бес баласы бар әкейдің денсаулығы мал бағуға жарамай, көп ұзамай қайтыс болып кетті.

Бәйбішесін ауылда ешкім атын атамай, түсіне қарап Сары ана деуші еді. Кіші шешеміздің аты Зейнепхан төтені бүкіл ауыл Қара тоқал деп атайтын. Бұл шешеміз ірі денелі, қайратты жан болатын. Күндесін Апа деп айтатын. Отағасы қайтыс болған соң ер адамның міндетін мойнына алып қойға көмекші болып кетті. Қысы-жазы үй қарасын көрмей, реті келсе айына бір рет атпен келіп - кетіп тұратын.

Жалпы баланың бәрін тапқан тоқал шешеміз болғанмен де бар бала апамнан тудық дейтін. Оған тоқал шешеміз де «Ия, апамның балалары ғой» деп отыра беретін.

Апаларымыз анда-санда жеті шөлпек пісіріп, төңіректегі ойнап жүрген балаларды шақырып таратушы еді. Бірде Зейнеп апам түсіне соғыстан қайтпай қалған ұлы Әнуарбек кіріп, әкеме құран оқытып, сосын ойнап жүрген біздерді шақырып алып: «Қабыл болсын деп жеңдер» деп бәрімізге таратты.

Шөлпек ұстап келген балаларын көріп Сары апамыз шәт-шәлекейі шығып, жартылай желінген шөлпектерді жинап алып, әкеліп үстел үстіне тастай салды. Сосын апам қарап: «Абысын, бұл не қорлағаның, жетім бала деп мүсіркеп жеті шөлпек беретіндей біз жерге қарап отыр дейсің бе, Құдайдың салғанына көнсем де ешкімнің қорлағанына көне алмаймын. Нарботадан қалған балаларды өзім аш отырсам да аузымнан жырып жеткіземін. Бұдан былай менің балаларыма шөлпек таратқанды қойыңыз» деп шығып кетті.

Сөзден ешкімге есе жібермейтін апам ләм дей алмай қалды, әкем болса «Мерген, сенің де қыбынды табатын адам табылды» деп мәз болды.

Сары апамыз сол намысқойлығының арқасында шалынан қалған бес баланы қатарға қосып бір-бір үй жасады. Әрине, бұл жерде кіші шешеміздің ердің жұмысын атқарып, бар бейнетке төзе отырып табыс тапқанын айтпасқа болмайды.

Тұңғыштары төрт ұлдың ішіндегі жалғыз қыз Ұлжан әпкемізді ұзатқанда әкеме келіп: «Төлеген қарағым, Матайға айнасы бар үш есікті жаңа шифонер түсіпті, соны Ұлжанның төсек орнының

басы қылайын деп отырмын, көлік тауып жеткізіп бер» деп өтінді.

Ондай шифонер біздің ауылға әлі жете қоймаған кез еді. Қызын ауылдың клубын сұрап алып той жасап, бар жасау-жабдығын түгендеп ұзатып еді.

Екі шешемізде тоқсаннан асып бірінен соң бірі шалдарының аяғын ұқалауға сапар шекті.

Осы күнде күндес тұрмақ, абысындар сиыса алмай жүрген кезде осы шешелерімнің ынтымақ-бірлігімен, отағасынан қалған аманатты орындау жолында сен-мен деспей бір шаңырақтың астында өмір сүруі тек біздің қазақ халқында ғана кездесетін ерекше қасиет екенін тағы да бір мойындадым.

Небір асыл қасиеттеріміз бұрынғы қазақпен бірге келмекке кеткендей болып тұрады.

Мың миллион әкеңнің...

Кеңес Одағы кезінде колхоз-совхоздарда малдың көптігі сонша жайылым жер жетпей малшылардың арасында талас туып қала беруші еді.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында Қытайдан біраз ағайындар оралып шаруашылықтар малшыға жарып қалған кез болатын. Фарида төтеміздің әкесі де сол лекпен келіп бір отар қойдың иесі атанған шақ.

